

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ  
ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ  
Л.Н.ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ  
АСТАНА ҚАЛАСЫ ӘКІМДІГІНІҢ ӘДІСТЕМЕЛІК ОРТАЛЫҒЫ



Әдебиеттанушы-ғалым, білікті ұстаз, әдіскер-оқытушы  
Байтанасова Қарлығаш Медетқызының  
60 жас мерейтойына арналған

## «ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІНІҢ ӘДІСТЕМЕЛІК ЖӘНЕ ӘДІСНАМАЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ»

атты республикалық ғылыми-әдістемелік  
семинар (дөңгелек үстел-диалог)

### МАТЕРИАЛДАРЫ

Астана

11 ақпан 2026 жыл



**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ЖОҒАРЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ**  
**Л.Н ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

Әдебиеттанушы-ғалым, білікті ұстаз, әдіскер-оқытушы  
**Байтанасова Қарлығаш Медетқызының 60 жас мерейтойына арналған**  
**«ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІНІҢ ӘДІСТЕМЕЛІК ЖӘНЕ**  
**ӘДІСНАМАЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ»**  
атты республикалық ғылыми-әдістемелік семинар (дөңгелек үстел-диалог)  
**МАТЕРИАЛДАРЫ**

**МАТЕРИАЛЫ**  
республиканского научно-методического семинара (круглый стол-диалог)  
**«МЕТОДИЧЕСКИЕ И МЕТОДОЛОГИЧЕСКИЕ ОСНОВЫ**  
**КАЗАХСКОЙ ЛИТЕРАТУРЫ»,**  
посвящённого 60-летнему юбилею литературоведа-учёного,  
квалифицированного педагога, преподавателя-методиста  
**Байтанасовой Карлығаш Медетовны**

**PROCEEDINGS**  
of the Republican Scientific and Methodological Seminar (Roundtable Discussion–Dialogue)  
**“METHODICAL AND METHODOLOGICAL FOUNDATIONS OF**  
**KAZAKH LITERATURE”**  
dedicated to the 60<sup>th</sup> anniversary of literary scientist, distinguished educator and  
educational methodologist **Baitanasova Karlygash Medetovna**

**ӘОЖ 821.512.122.0**

**ББК 83.3 (5Қаз)**

**Қ17**

**Жалпы редакциясын басқарған:** ф.ғ.к. Бейсенбай А.Б.

**Редакция алқасы:** С.М. Дүйсенғазы, Ж.Ә. Аймұхамбет, С.Ш. Айтуғанова,  
Г.С. Сағынадин, С.А. Сарсембаева.

**«Қазақ әдебиетінің әдістемелік және әдіснамалық негіздері»** атты әдебиеттанушы-ғалым, білікті ұстаз, әдіскер-оқытушы Байтанасова Қарлығаш Медетқызының 60 жас мерейтойына арналған республикалық ғылыми-әдістемелік семинар (дөңгелек үстел-диалог) материалдары. 11 ақпан 2026 ж./ Жалпы редакциясын басқарған: Бейсенбай А.Б.– Астана: Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ баспасы, 2026. – 223 бет.

**ISBN 978-601-385-179-2**

Жинаққа әдебиеттанушы-ғалым, білікті ұстаз, әдіскер-оқытушы Байтанасова Қарлығаш Медетқызының 60 жас мерейтойына арналған «Қазақ әдебиетінің әдістемелік және әдіснамалық негіздері» атты республикалық ғылыми-әдістемелік семинар (дөңгелек үстел-диалог) материалдары енгізілді.

Жинақ жоғары оқу орнының профессорлық-оқытушылық құрамына, орта білім беру ұйымдарының мұғалімдеріне, докторанттар мен магистранттарға және студенттерге арналған.

**ISBN 978-601-385-179-2**

**ӘОЖ 821.512.122.0**

**ББК 83.3 (5Қаз)**

## МАЗМҰНЫ

<i>Құттықтаулар</i> .....	5
---------------------------	---

### ӘДЕБИЕТТАНУ САРБАЗЫ, ӘДІСТЕМЕ ШЕБЕРІ

<i>Тұрысбек Р.С.</i> Ұстаз-ғалым Қ.Байтанасова зерттеулеріндегі С.Мұқанов мұрасы.....	14
<i>Аймұхамбет Ж.Ә.</i> Қарлығаш Байтанасова – ғалым, ұстаз.....	21
<i>Оразбек М.С.</i> Зерделі зерттеуші.....	23
<i>Айтуғанова С.Ш.</i> Ғалым. Әдіскер.Ұстаз.....	28
<i>Ахметова Ж.Қ.</i> Шәкірт жүрегіне жол тапқан ұстаз.....	32
<i>Сағынадин Г.С.</i> Фольклоризм феномені және Қ.Байтанасова зерттеуіндегі фольклорлық дәстүр туралы.....	33
<i>Сердалина С.Қ.</i> Әдіскер-ғалым Қ. Байтанасованың зерттеулеріндегі әдебиетті жоғары мектепте оқытудың кейбір мәселелері.....	37
<i>Алимбаев А.Е.</i> Зерделі ғалымның әдебиеттегі әлемі.....	40
<i>Амангазықызы М.</i> Жаңа сипатты зерттеу.....	42
<i>Бәшіров Н.Қ.</i> Сөзге адалдық, ғылымға жауапкершілік.....	45
<i>Қасен А.Т.</i> Ғылымға қызмет еткен ұстаз.....	47

### ҚАЗАҚ ТІЛІ МЕН ӘДЕБИЕТІН ОҚЫТУ: ІЗДЕНІС ПЕН ЖАҢАШЫЛДЫҚ

<i>Жұмагұл С.Б.</i> Тоталитарлық жүйе қысымында қазақ әдебиетін оқытудағы кейбір түйткілдер хақында.....	50
<i>Қасенов С.Т., Мукашева М.К.</i> Қ.Бітібаеваның әдістемесі негізінде жазылым дағдысын дамытудың жолдары.....	54
<i>Қапантайқызы Ш.</i> Әдебиетші ұстаз Қ.Бітібаева еңбектерінің құндылық бағдары.....	58
<i>Шапауов Ә. Қ., Қадыров Ж.Т., Есбатырова Ж.З.</i> Қазақ әдебиетін оқытуда әдеби талдау дағдыларын қалыптастыру.....	67
<i>Қылышбаева К.А.</i> Қазақ тілін меңгертудегі көркем шығарманың рөлі.....	72
<i>Шоқай М.Т.</i> Жаңғыртылған Блум таксономиясы: прозалық туындыны оқыту мен талдаудың тиімді жолдары.....	78
<i>Жорашова А.М.</i> Көркем мәтіндегі автор категориясын оқытудың тиімді жолдары (үлгілік оқу бағдарламасы негізінде).....	84
<i>Ғалымжанова З.Т.</i> Жоғары оқу орындарында Ш.Мұртазаның «Ай мен Айша» мемуарлық романын оқыту әдістері.....	93
<i>Ильясова Г.Ж.</i> Қазақ әдебиетін оқытуда мақал-мәтелдер арқылы кейіпкер мінезін интерпретациялау.....	98
<i>Алыбаева А.У.</i> Читательская грамотность – базовый компонент функциональной грамотности.....	103
<i>Атекеева А.Е.</i> Әдебиеттік оқу пәнін оқыту әдістері.....	107
<i>Аяпбергенова К.С.</i> Развитие педагогической науки: традиции и перспективы.....	111

<i>Байдаулетова З.М.</i> Жасанды интеллект заманындағы қазақ әдебиетін оқыту әдістемесі.....	117
<i>Ермаганбетова А.Ж.</i> Сюжеттік мәтіндерді оқытуда Storytelling: әлеуметтік жобаларды интеграциялау тәжірибесі.....	120
<i>Жумагулова Ж.Д.</i> Жаһандану жағдайында қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімдерінің кәсіби күзіреттілік моделін қалыптастыруда Қ.Бітібаеваның педагогикалық мұрасының маңыздылығы.....	125
<i>Кабдулова А.Т.</i> Қазақ әдебиетінің әдістемелік және әдіснамалық негіздері.....	128
<i>Серикова Ш.Ж.</i> Қазақ әдебиетінің әдістемесі.....	132
<i>Утибаева М.Б.</i> Қазақ тілі мен әдебиетін оқыту үдерісін жаңғыртудағы жасанды интеллект технологияларының рөлі.....	134
<i>Ибрагимова Г.П.</i> Көркем шығармадағы сөздердің тілтанымдық мәнін оқыту (М. Дулатовтың «Бақытсыз Жамал» романы бойынша).....	138
<i>Карагожина М.М.</i> Қазақ әдебиетін оқытудың әдістемелік және әдіснамалық негіздері.....	140
<i>Мырзахметова Ж.Д.</i> Қазақ әдебиетін оқытудың әдістемелік негіздері.....	143
<i>Нұрмахан А. Ә.</i> Әдебиетті оқыту әдіснамасы: проблемалық жағдаяттарды қолдану.....	145
<i>Сенбиева Н.К.</i> Қазақ әдебиеті сабақтарында ұлттық құндылықтарға бағдарлай оқыту жолдары.....	152
<i>Шагирова Д.Р.</i> Әдебиет пәнін оқытудағы жасанды интеллекттің педагогикалық мүмкіндіктері.....	157
<i>Мұса А.С.</i> Креативті жазылымдағы әдіс-тәсілдер.....	160

## **ҒЫЛЫМИ-ЗЕРТТЕУ КЕҢІСТІГІНДЕГІ ФИЛОЛОГИЯ**

<i>Негимов С.Н.</i> Қазақ тілінің өзін білуші жоқ, мәнісін білуші де жоқ.....	167
<i>Мукажанова Л.Г.</i> Культурологические связи русской и казахско поэзии: переводческие аспекты.....	178
<i>Кемеңгер Қ.Р.</i> «Алаш» сөзі: ментальдық-рәміздік негізі.....	189
<i>Бактығалиева Э.С.</i> «Құлагер» поэмасы және ұлттық код: тарихи тұлға Ақан серінің визуалды-нарративтік бейнесі.....	194
<i>Құлиар Б.М.</i> Балалар әдебиетіндегі күлкі поэтикасы: мазақтама мен мөлтек мысалдың тәрбиелік қызметі.....	198
<i>Бағзат Е.</i> Жүсіпбек Аймауытұлы әңгімелеріндегі баяндау жүйесі мен көркемдік кеңістік.....	203
<i>Әбдірасұл Ж.Т.</i> Абай поэзиясындағы «адам» ұғымының берілу сипаты..	208
<i>Сыдық З.С.</i> Қазақ және моңғол демонологиясының ортақ қабаты және діни трансформациясы.....	213
<i>Әлімбаев А.Е.</i> Мұхтар Әуезов шығармаларындағы әділет пен адалдық идеялары.....	219
<i>Аренова Ж.</i> Фариза - ұлт поэзиясының жыршысы.....	222

**Эльмира Бактығалиева**

докторант

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана қ.

([elmira.baktygaliyeva@gmail.com](mailto:elmira.baktygaliyeva@gmail.com))

## **«ҚҰЛАГЕР» ПОЭМАСЫ ЖӘНЕ ҰЛТТЫҚ КОД: ТАРИХИ ТҰЛҒА АҚАН СЕРІНІҢ ВИЗУАЛДЫ-НАРРАТИВТІК БЕЙНЕСІ**

Қазақ әдебиетінің кең аясында ұлттық код, мәдени жад және символдық антропология категориялары жаңа ғылыми парадигмалар шеңберінде қайта зерделенуде. Бұл бағытта Илияс Жансүгіровтің «Құлагер» поэмасы – ұлттық дүниетанымның күрделі құрылымын көркемдік тұрғыдан ашатын ерекше туынды. Поэма тарихи тұлға Ақан сері Қорамсаұлының өмірінен алынған нақты дерекке негізделгенімен, автор бұл оқиғаны жеке трагедия деңгейінен ұлттық деңгейдегі мәдени-символдық архетипке дейін көтереді.

Поэмадағы Құлагер өлімі, Ақан серінің ішкі күйзелісі, Арқа табиғаты, серілік феномені, қоғамдағы әділет пен зұлымдықтың қарама-қарсылығы – барлығы қазақ халқының этномәдени кодын жаңғыртатын көркемдік жүйеге айналады. Сонымен бірге І.Жансүгіров кейіпкер бейнесін дәстүрлі портреттік сипаттаумен шектемей, визуалды поэтика, нарративтік фокализация және символдық көріністер арқылы «көрінетін» тұлға моделін жасайды.

Бұл мақаланың мақсаты – «Құлагер» поэмасындағы ұлттық код элементтерін анықтап, тарихи тұлға Ақан серінің визуалды-нарративтік бейнесін заманауи нарратологиялық және визуалды талдау әдістеріне сүйене отырып ғылыми тұрғыда саралау.

Нарратология саласында М.Бал [3, 55] фокализацияны оқиғаны кімнің көзімен көріп, кімнің сезімімен қабылданатынын анықтайтын негізгі ұғым ретінде түсіндіреді. «Құлагер» поэмасында трагедия эпизодтары көбінесе Ақанның ішкі көру позициясымен беріледі, бұл кейіпкер санасындағы психологиялық күйзелісті күшейтеді.

Дж.Кресс пен Тео ван Леувен [5, 19] визуалды репрезентацияның өзіндік «грамматикасы» бар екенін атап өтеді. І.Жансүгіровтің жарыс көріністерін панорамалық түрде беруі, Құлагердің құлау сәтіндегі «қара киімдінің шылбырды сұрауы» «айбалтаның сақ етуі, шекеден шапшыған қанның шыр айналуы, баланың жерге доптай домалауы, қанның көкке шапшуы» мұның бәрі – визуалды нарратологияның көркемдік деңгейде жүзеге асқан мысалдары.

А.Пайвионың «Екі жүйелі кодтау теориясы» [8, 28] бойынша вербалды және визуалды кодтар қатар жұмыс істегенде қабылдаушы санасында бейнелік ой берік қалыптасады. Поэмадағы табиғат туралы метафоралар, динамикалық әрекет көріністері және сезімдік кадрлар осы модельмен толық сәйкеседі.

Ұлттық код мәселесі А. Ассманның [1, 67] мәдени жады теориясында кең түсіндіріледі. Ұлттың мәдени жады тарихи оқиғаларды символдық деңгейде

сақтап, ұжымдық бірегейлікті қалыптастырады. Осы тұрғыдан Құлагер – қазақтың ұжымдық жадында орныққан ұлттық архетип. Осы теориялық алғышарттар Ақан серінің бейнесін жай тарихи портрет емес, ұлттық мәдени кеңістікте тамырланған визуалды-нарративтік құрылым ретінде қарастыруға мүмкіндік береді.

Зерттеу жұмысы сапалық (qualitative) талдау тәсілдерін пайдалану арқылы жүзеге асырылды.

1. Нарратологиялық талдау: Оқиға құрылымын, фокализация түрлерін, баяндаудың ішкі және сыртқы деңгейлерін анықтау үшін М.Бал әдістері қолданылды.

2. Семиотикалық талдау: Тұлпар, тау, тас, орман, көл секілді символдардың мағынасын үлгісімен ашу жүргізілді.

3. Визуалды-поэтикалық талдау: Көркем мәтіндегі бейнелерді визуалды код, көрініс тұрғысынан сипаттау Дж. Кресс пен Тео ван Леувен теориясына сай жүргізілді.

4. Ұлттық код моделін қолдану: Ж. Ассманның мәдени жады концепциясына сүйене отырып, поэманың ұлттық мәдени архетиптерді қалай қайта тірілтетіні анықталды.

І.Жансүгіров Арқаны жай географиялық кеңістік ретінде емес, қазақтың этномәдени әлемін бейнелейтін «ұлттық сахна» ретінде суреттейді. Ақын «Көкшетау жер жаннаты», «Арқаның алқа қонған даласы» деп бейнелей отырып, қазақтың жерге қатысты рухани-поэтикалық қабылдауын қайта жаңғыртады.

Ақанның табиғатпен етене байланысы – ұлттық дүниетанымның табиғи тұтастығын көрсететін маңызды код. Оның «көліне бетін жуып, орманда ұйықтауы», «тауға құбылаға қарауы» табиғатты рухани тірек ретінде қабылдайтын дәстүрлі дүниетанымды айқын көрсетеді.

### **1.1 Тұлпар коды**

Жүйрік ат, дүлдүл тұлпар – қазақ халқының рухани өміріндегі этномәдени элементтердің бірі [7, 103] және арғықазақтың болмысында да, оның рухани дүниесі мен дүниетанымында да ең басты универсал сипатқа ие тіршілік иесі [6, 369]. Жылқы бейнесі – дәстүр бойынша қуат пен өмірлік күштің, бекзаттылық пен сұлулықтың символы. Құлагер бейнесі – қазақтың жылқы кодының ең жарқын көркем көрінісі. Ат тек көлік не бәйге құралы емес, ердің рухани айнасының белгісі.

Поэманың мына өлең жолдарында:

«Жары да, жолдасы да біреу-ақ –

Онысы астындағы жалғыз аты» [4, 79]

Ақан серінің тұлпарды тек жануар емес, өмір жолының серігі ретінде қабылдайтынын көрсетеді. Және поэмадағы:

Сом аяқ, быртық бақай, болат тұяқ

Тасындай шұбар ала Көкшетаудың.

Тәует бас, қамыс құлақ, қуарған жақ,

Құлан жал, бұлан мойын, қой жұтқыншақ,

Қоян жон, жазық жая, жауырынды,

Құс топшы, қос шынтағы қалыңырақ.

Сіңірлі, жер соғарлы, аяғы тік,

Түлкі төс, тазы тізе, ит жіліншік.

Шашақты, шақпақ етті, аласа ұршық,

Құндыздық қалай біткен құйрыққа дүп?

Қоқанның жібегіндей жеңіл құйрық,

Не қою, не болмаса емес сұйық! [4, 89] – өлең жолдары аттың бедерлі/визуалды портреті Құлагердің төрт түліктің бірі емес, қасиетті жаратылыс иесі ретінде танытады.

Күйкіп көзге қораш көрінсе де,

Шапқанда шалдырмастай бітер қанат.

Екпіні үй соққандай пысқырғанда,

Шалдырмас көктен құсқа, жерден аңға [4, 90] – деген өлең тармақтарындағы тұлпарға «қанат бітіп», «көкте құсқа, жерде аңға жеткізбеуі» жылқы феноменінің қазақ дүниетанымында тектілік, еркіндіктің символы ретінде орныққанын дәлелдейді.

### **1.2 Серілік коды және еркін азаматтық**

Серілік – қазақ эстетикасының мәдени коды. Ақанның серілігі: «Сал сүрей, саңлақ мініп, сұлу сүйген», «Жүйрік ат, сонар саят, қыз-қырқынмен», «Өмірді өткізген жан өз ырқымен» көріністері арқылы берілсе, өмір салты мен азамат ерге тән тектілігі мен рухани болмысы: «Кісі емес Ақан төрде билік айтқан», «Ұры емес, ауыл торып, ел шулатқан», «Молда емес, мешіт салып, зекет алып», «Жалшы емес ... », «Кісіні ит етінен жек көретін, Дау қуып, арыз айтып, биге шаққан», «Ащы тіл, асау мінез қылығынан» [4, 78] деген өлең жолдарында айқын көрінеді.

### **1.3 Ұлттық трагедия коды**

Құлагердің қастандықпен өлтірілуі – жеке оқиға емес, «тектінің жығылуы» мотиві арқылы ұлттық трагедия коды айқын көрінеді.

Мұнда:

- Іштарлық;
- әділетсіздік;
- қоғам ішіндегі зұлымдықтың үстемдігі сияқты ұлттық трагедия архетиптері қатар көрінеді.

Поэмадағы:

«Ел-елден Ерейменге жиылған жан,

Еліне «Құлагер» деп ән сап қайтты.

Жұрт жоқтап қапыда өлген қайран атты,

Әр жақта ел бұлбұлы сайрап жатты» [4, 141].

Бұл өлең жолдары трагедияны жеке қайғыдан ұлттық қасірет деңгейіне көтереді.

## **2. Ақан серінің визуалды-нарративтік бейнесі**

### **2.1 Визуалды портрет**

Портрет – әдеби кейіпкердің сырт көрінісін, кескін-кейпін, бой-тұлғасын суреттеу [2, 384]. І.Жансүгіров Ақанның сырт келбетін табиғат символдары арқылы береді. Мысалы, «Қайындай мінсіз, таудай таза жігіт» [4, 77] немесе

«Шүйке шал, аузы ұрадай опырылған», «Су мұрын, қу ұрты шұқырайған», «Бетіне ел көшкендей сүрлеу түсіп», «Шөлдегі шыңыраудай көз суалған» [4, 140]. Ақанның сырт бейнесіндегі өзгеріс – ішкі күйзелістің тікелей көрінісі. Ақын визуалды детальдарды пайдалана отырып, Ақанның трагедиялық трансформациясын айқын көрсетеді.

Боз бура бір күндегі тасқа шөгіп,

Шал отыр қу қайында мықырайған [4, 140].

Ақан бейнесі: «боз бурадай шөгіп» – қажып отырған; «қу қайында мықырайған» – қураған ағаш пен күйреген адамның параллелі. Бұл – трагедиялық визуал.

Құлазып күзді күнгі Көкшетаудай – деген тармақта Ақанның ішкі күйі күзгі Көкшенің бос, сұр, үнсіз табиғатымен теңестіріледі.

Көңіліне Құлагерден құйылып мұз,

Күйкіп отыр таста Ақан байғыз [4, 140].

Мұнда Ақан өз ішінен «мұздап» кеткен адам ретінде көрінеді. Байғыз – жалғыздықтың әрі қайғының символы.

Поэмадағы визуалды көріністер Ақан бейнесін екі полюсте көрсетеді:

1. Серілік кезеңі – жарық, әсем, сұлулыққа толы кеңістік;
2. Құлагер қазасынан кейінгі кезеңде – суалған, қураған, мұзға айналған әлем.

Осылайша, Ақан серінің визуалды портреті – тек сырт келбет емес, оның жан әлеміндегі күйзеліс пен рухани күйреудің символдық кескіні. Ақын кейіпкердің трагедиясын табиғаттың өзгерісімен бірге қабаттап көрсетіп, Ақан тұлғасын қазақтың ұлттық сезімталдығын, сұлулыққа адалдығын және жүрек жарасының тереңдігін бейнелейтін әмбебап көркем архетипке айналдырады.

## **2.2 Нарративтік бейне**

Ақан бейнесі мынадай оқиғалар тізбегі арқылы ашылады:

- серілік өмір;
- қастандыққа куә болу;
- ішкі күйзеліс пен күйреу;
- қоғамнан түпкілікті алыстау.

Оқиғалардың мұндай жүйелі берілуі кейіпкердің эмоционалдық-рухани күйінің динамикасын қадағалауға мүмкіндік беріп, Ақан бейнесінің ішкі драмасын толыққанды түсіндіреді.

## **Қорытынды**

Зерттеу нәтижелері І.Жансүгіровтің «Құлагер» поэмасы ұлттық код жүйесін көркемдік тұрғыдан жүйелі жандандыратын күрделі мәтін екенін көрсетті. Поэмадағы табиғат, тұлпар, серілік, әділет, трагедия және серілік өнер кодтары қазақ халқының этномәдени жадында сақталған символдық құрылымдарды қайта паш етеді.

Ақан серінің бейнесі дәстүрлі портретке негізделмей, визуалды-нарративтік модель арқылы жасалған. Оның табиғатпен біртұтас рухани болмысы, серілік дәстүрінің көркем символы ретіндегі әрекеттері, Құлагерге деген адалдығы және трагедиядан кейінгі күйзелісі көркем мәтінде визуалды кадрлар арқылы беріледі.

І.Жансүгіров тарихи деректі ұлттық феноменге айналдырады. Поэма қазақ әдебиетінің ұлттық кодын жаңғыртатын, мәдени жадты сақтайтын маңызды көркем туынды ретінде ғылыми тұрғыда өзектілігін жоғалтпайды.

*Пайдаланылған әдебиеттер:*

1. Assmann, J. Cultural Memory and Early Civilization. – London: Cambridge University Press, – 2011.- p. 320
2. Әдебиеттану терминдерінің сөздігі. – Алматы: «Ана тілі» баспасы, –1998.-384 б.
3. Bal, M. Narratology: Introduction to the Theory of Narrative. – Canada: University of Toronto Press, – 2009. - p.264
4. Жансүгіров, І. Құлагер. – Алматы: Жазушы, – 2004. - 207 б.
5. Kress, G., & van Leeuwen, T. Reading Images: The Grammar of Visual Design. – London: Routledge. – 2006. - p.291
6. Қондыбай, С. Байырғы қазақ дүниетанымының негіздері: энциклопедиялық басылым. – Алматы: Қазақ тілі, –2018. - 467 б.
7. Назарова, Н.А., Мансұров, Н.Б. Батырлар жырындағы зооморфтық мифологемалардың көрінісі. – Алматы: Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университетінің Хабаршысы № 1(81), – 2020. - 320 б.
8. Paivio, A. Mental Representations: A Dual Coding Approach. – London: Oxford University Press. – 1990. - p. 322

**МРНТИ 17.82.70**

**Құлшар Бекзат Мнайдарұлы**

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ,

қазақ филологиясы білім беру бағдарламасының

2-курс магистранты, Астана, Қазақстан

[bkulshar02@mail.ru](mailto:bkulshar02@mail.ru)

Ғылыми жетекшісі – филология ғылымдарының докторы, профессор  
Рақымжан Тұрысбек

## **БАЛАЛАР ӘДЕБИЕТІНДЕГІ КҮЛКІ ПОЭТИКАСЫ: МАЗАҚТАМА МЕН МӨЛТЕК МЫСАЛДЫҢ ТӘРБИЕЛІК ҚЫЗМЕТІ**

*Аңдатпа.* Мақалада қазақ балалар әдебиетіндегі сатираның тәрбиелік-эстетикалық қызметі қарастырылады. Негізгі назар мазақтама мен мөлтек мысал жанрларының поэтикалық табиғатына, бала психологиясына ықпал ету тетіктеріне және күлкінің дидактиканы алмастыратын көркемдік мүмкіндіктеріне аударылады. Зерттеу барысында балалар сатирасында мінез кемшіліктерінің (салақтық, жалқаулық, жалтармалық, мақтаншақтық, білімсіздік т.б.) қалайша юмор арқылы әшкереленетіні, шендестіру, антитеза, тосын түйін, тұспал секілді тәсілдердің атқаратын рөлі нақты мәтіндермен талданады. Сондай-ақ сатиралық мәтіннің ықшам формасы мен жеңіл тілі